

**БД030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Асегова Гүлнур Бакытовнаның «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі:
теориялық және тәжірибелік мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің
жазбаша пікірі.**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация <u>Қазақстан Республикасының</u> <u>Үкіметі</u> <u>жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия</u> <u>бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u> келеді.</p>	<p>«Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі: теориялық және тәжірибелік мәселелері» атты диссертациялық зерттеу тақырыбы ғылымды дамыту бағыттарына толық сәйкес келеді.</p> <p>Ұсынылған диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттарға сәйкес келеді: «Қазақстан–2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан; «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығы; Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер) келеді.</p>

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымның дамуына елеулі үлес қосады, өйткені кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің теориялық және тәжірибелік мәселелері кешенді әрі жүйелі түрде зерттелген. Зерттеудің ғылыми құндылығы мен маңыздылығы Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлердің құқықтық мәртебесінің теориялық негіздерін кешенді зерделеуінде, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің ұғымын, мазмұнын мен құрылымын ғылыми тұрғыдан негіздеуінде, сондай-ақ оның нормативтік, институционалдық және құқық қолдану элементтерінің өзара байланысын айқындауында көрініс табады. Диссертацияда кәсіпкердің құқықтық мәртебесіне және кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ұғымына анықтамалар тұжырымдалған, соттылық мәселелері, сот және соттан тыс қорғау нысандары, бизнес-омбудсмен институтының қызметі, сондай-ақ кәсіпкерлік даулар бойынша сот тәжірибесін біріздендіру мәселелері ғылыми тұрғыдан талданған. Зерттеу нәтижесінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық процесстік заңнаманы жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар әзірленген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық зерттеудің дербестік деңгейі жоғары болып табылады, бұл теориялық талдаудың кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы құқық қолдану тәжірибесін жүйелі қорытуымен ұштастырылуынан көрінеді. Жұмыс кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қатысты теориялық тұжырымдарды зерделеумен қатар, азаматтық істер бойынша сот тәжірибесін, сондай-ақ уәкілетті органдар мен институционалдық құрылымдардың қызметін кешенді талдауға негізделген. Бұл

			<p>қарастырылып отырған саладағы құқықтық реттеудің өзекті мәселелерін айқындауға және оларды шешуге бағытталған тәжірибелік маңызы бар ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік берген.</p> <p>Зерттеудің құрылымы, логикасы, ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары автордың дербес ғылыми ұстанымын, құқықтық талдау қабілетін және зерттеу мәселесін терең меңгергенін көрсетеді. Диссертацияда пайдаланылған дереккөздерге жасалған талдау, отандық және шетелдік тәжірибені салыстыру, сондай-ақ сот тәжірибесін қорыту нәтижелері механикалық баяндау түрінде емес, автордың дербес ғылыми пайымдауы негізінде ұсынылған. Тұжырымдалған ғылыми қорытындылар мен заңнаманы жетілдіруге, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың институционалды тетіктерін дамытуға бағытталған ұсыныстар айқын авторлық сипатқа ие.</p> <p>Аталған мән-жайлар ізденушінің жоғары деңгейдегі ғылыми құзыреттілігінің, терең талдамалық ойлау қабілетінің және дербес кешенді ғылыми зерттеулер жүргізе алу мүмкіндігінің қалыптасқанын көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде ғылыми негізделген теориялық тұжырымдар мен тәжірибелік маңызы бар ұсыныстар әзірленген.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің өзектілігі негізделген.</p> <p>Зерттеуде көтерілген мәселелер кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы қазіргі құқық қолдану тәжірибесінің қажеттіліктерімен, азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық процесстік заңнаманы жетілдіру міндеттерімен тікелей байланысты қарастырылған. Автор кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін зерттеу барысында құқықтық реттеудегі олжылықтарды, құқық қолдану тәжірибесіндегі қайшылықтарды және қолданыстағы қорғау құралдарының тиімділігіне қатысты мәселелерді</p>

		<p>айкындаган.</p> <p>Диссертациялык зерттеудүн өзектілігі ғылыми жұмыстың ішкі бірлігі кағидасына сәйкес жүйелі түрде құрылған. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері қойылған мәселелермен өзара логикалық байланыста айкындалып, диссертацияның құрылымы мен мазмұнында бірізді көрініс тапқан. Жұмыста кәсіпкердің құқықтық мәртебесі, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің мазмұны мен құрылымы, сот және соттан тыс қорғау нысандары, сондай-ақ институционалдық қорғау мәселелері өзара сабақтастықта қарастырылған.</p> <p>Сонымен қатар, зерттеудің өзектілігі кәсіпкерлік қызмет еркіндігін қамтамасыз ету, кәсіпкерлердің құқықтарын тиімді қорғау, құқықтық анықтылықты күшейту және құқық қолдану тәжірибесін біріздендіру қажеттілігімен де айкындалады. Автордың ғылыми тұжырымдары мен ұсыныстары зерттеу тақырыбының қазіргі кезеңдегі теориялық және тәжірибелік маңызын дәлелдейді. Бұл диссертациялық жұмыстың тұжырымдамалық тұтастығын, әдіснамалық негізділігін және ғылыми пайымдауларының дәйектілігін көрсетеді.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айкындайды:</p> <p>1) <u>айкындалды</u>;</p> <p>2) ішінара айкындалды;</p> <p>3) айкындалмады.</p>	<p>Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толық айкындайды және зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Жұмыста қарастырылған мәселелер арасында логикалық өзара байланыс сақталған. Диссертация мазмұны кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің негізгі теориялық және тәжірибелік мәселелерін, оның ішінде кәсіпкердің құқықтық мәртебесін, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың сот және соттан тыс нысандарын, сондай-ақ қорғаудың институционалдық тетіктерін кешенді қамтиды.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері зерттеу</p>

	<p>Диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>тақырыбына толық сәйкес келеді және өзара логикалық байланыста айқындалған. Автор зерттеудің мақсаты ретінде Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің теориялық негіздерін кешенді түрде талдауды, оның құрылымы мен мазмұнын анықтауды, құқық қолдану тәжірибесін зерттеуді, сондай-ақ шетелдік тәжірибені салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан зерделеу негізінде аталған тетікті жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеуді орынды айқындаған. Аталған мақсат диссертация тақырыбымен тікелей сабақтасып, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың теориялық және тәжірибелік қырларын толық қамтиды.</p> <p>Жұмыста қойылған міндеттер жүйелі және өзара сабақтас сипатқа ие болып, зерттеліп отырған мәселенің негізгі бағыттарын кезең-кезеңімен ашуға бағытталған. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі кәсіпкердің құқықтық мәртебесінің азаматтық-құқықтық мазмұнын, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің құрылымдық элементтерін, сондай-ақ олардың өзара байланысын талдауға арналған міндеттер арқылы көрініс тапқан. Салыстырмалы-құқықтық аспект шетелдік тәжірибені зерделеу және оны ұлттық құқықтық жүйеге бейімдеу мүмкіндіктерін айқындауға бағытталған міндеттермен ашылған.</p> <p>Зерттеудің тәжірибелік бағыты кәсіпкерлердің құқықтарын сот және соттан тыс нысандарда қорғау мәселелерін, институционалдық тетіктердің қызметін, кәсіпкерлік дауларды шешудің баламалы тәсілдерін, сондай-ақ сот тәжірибесіндегі өзекті мәселелерді талдауға арналған міндеттер арқылы жүзеге асырылған. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл</p>
--	---	--

		<p>институтының қызметін жетілдіру, соттылық мәселелерін нақтылау және кәсіпкерлік даулар бойынша біркелкі сот тәжірибесін қалыптастыруға қатысты ұсыныстар әзірлеуге бағытталған міндеттер зерттеудің қолданбалы маңызын күшейтеді.</p> <p>Заннаманы және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған міндеттер зерттеудің логикалық аяқталуын қамтамасыз етіп, теориялық тұжырымдардың нақты нормативтік-құқықтық және тәжірибелік ұсыныстарға ұласқанын көрсетеді. Бұл диссертациялық зерттеудің ғылыми негізділігін, ішкі тұтастығын және авторлық зерттеу логикасының дәйектілігін айғақтайды.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің барлық құрылымдық элементтері ішкі үйлесімділігімен, логикалық өзара байланысымен және мазмұндау бірізділігімен сипатталады. Ол жұмыстың құрылымдық жүйесінен де, мазмұндық бөлігінен де айқын көрініс табады. Зерттеудің әрбір тарауы диссертацияның жалпы ғылыми тұжырымдамасында нақты қызметтік рөл атқарып, алдыңғы бөлімдерде тұжырымдалған теориялық ережелерді толықтырып әрі дамытып отырады.</p> <p>Диссертацияның алғашқы тарауларында кәсіпкердің құқықтық мәртебесінің теориялық негіздері, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің мазмұны мен құрылымы, сондай-ақ шетелдік құқық жүйелеріндегі кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тәжірибесі зерттелген. Алынған теориялық нәтижелер кейінгі тарауларда кәсіпкерлердің құқықтарын сот және соттан тыс нысандарда қорғау мәселелерін, институционалдық тетіктердің қызметін және құқық қолдану тәжірибесін талдау барысында нақтылай түсіп, тәжірибелік сипатта дамытылған.</p> <p>Өз кезегінде, зерттеу барысында анықталған құқықтық және</p>

		<p>тәжірибелік мәселелер кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық процесстік заңнаманы жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды әзірлеуге негіз болған. Атап айтқанда, кәсіпкерлік даулардың соттылығын нақтылау, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл институтының құқықтық мәртебесін жетілдіру, соттан тыс қорғау тетіктерінің тиімділігін арттыру және кәсіпкерлік даулар бойынша біркелкі сот тәжірибесін қалыптастыруға қатысты ұсыныстар жүйелі түрде негізделген.</p> <p>Диссертация құрылымдық жүйелілігімен, логикалық аяқталғандығымен және ғылыми тұтастығымен ерекшеленеді. Бұл авторлық ғылыми тәсілдің негізділігін, зерттеудің кешенді сипатын және жүргізілген ғылыми талдаудың жүйелілігін көрсетеді.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Автормен ұсынылған ғылыми шешімдер бұрын қалыптасқан теориялық тұжырымдар мен құқық қолдану тәжірибесін сыни тұрғыдан қайта талдау негізінде қалыптастырылған. Оларды әзірлеу қолданыстағы азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық процесстік заңнаманы, құқық қолдану тәжірибесін, сондай-ақ жекелеген шетелдік тәжірибені зерделеу арқылы қамтамасыз етілген. Диссертацияны дайындау барысында автор кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді, құқық қолдану тәжірибесінің материалдарын, сондай-ақ азаматтық құқық, кәсіпкерлік құқық және азаматтық процесстік құқық саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерін кешенді түрде зерттеп, жүйелі талдау жүргізген. Мұндай кешенді тәсіл зерттеу нәтижелерінің тереңдігі мен негізділігін қамтамасыз еткен.</p> <p>Жұмыста тұжырымдалған ғылыми қорытындылар мен ережелер ғылыми жаңалық белгілеріне ие және диссертант</p>

		<p>жүргізіген ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижелері бойынша жүйелендірілген әрі жинақталған түрде алғаш рет ұсынылған. Диссертациялық зерттеу қарастырылып отырған мәселені жан-жақты қамтумен ерекшеленіп, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің қазіргі жай-күйі мен оның даму бағыттары ғылыми тұрғыдан тұжырымдалған мазмұнды әрі жүйелі талдаумен сипатталады.</p>
<p>5. Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жана ма? 1) толығымен жана; 2) ішінара жана (25-75% жана); 3) жана емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдалған ережелер өзінің мазмұны бойынша толығымен жана, теориялық және тәжірибелік маңыздылығымен ерекшеленеді, тиісті деңгейде жүйеленіп, өңделген және жұмыстың құрылымдық бөлімдерінде дәйекті түрде көрініс тапқан. Олардың мазмұны кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің негізгі теориялық және тәжірибелік мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерделуге, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесінде туындайтын өзекті проблемаларды шешуге елеулі үлес қосады.</p> <p>Диссертант тұжырымдаған ғылыми ережелер, қорытындылар, түйінді нәтижелер және қорғауға ұсынылған тұжырымдар жаналық белгілеріне ие және жиынтығында азаматтық құқық, кәсіпкерлік құқық және азаматтық процестік құқық ғылымдарының дамуына маңызды үлес қосады. Жұмыс автордың қалыптасқан ғылыми көзқарастарды жүйелеу қабілетін ғана емес, сонымен қатар теориялық тұрғыдан негізделген, тәжірибеде қолдануға болатын дербес ғылыми шешімдер әзірлей алу мүмкіндігін де көрсетеді.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жана ма? 1) толығымен жана;</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде тұжырымдалған қорытындылар ғылыми жаналық сипатымен ерекшеленеді және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы өзекті</p>

	<p>2) ішінара жана (25-75% жана); 3) жана емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	<p>ғылыми-тәжірибелік мәселелерді шешуге бағытталған. Жұмыстың жаналығы Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің теориялық және тәжірибелік аспектілеріне қолданыстағы азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық процесстік заңнама негізінде алғаш рет кешенді зерттеу жүргізілуімен айқындалады.</p> <p>Автор тұжырымдаған ғылыми қорытындылар зерттеудің мақсатына толық сәйкес келеді және қойылған міндеттермен өзара дәйекті байланыста қарастырылған. Бұл диссертациялық жұмыстың ішкі тұтастығын, ғылыми негізділігін және жүргізілген зерттеудің аяқталған сипатын көрсетеді.</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда</p>	<p>Зерттеу барысында алынған нәтижелердің дәйектілігі мен негізділігі талданған теориялық және тәжірибелік</p>

- 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?
- 1) толығымен жана:
- 2) ішінара жана (25-75% жана);
- 3) жана емес (жанасы 25%-дан кем).

Ұсынылған техникалық, технологиялық, экономикалық және басқарушылық сипаттағы шешімдер жана әрі ғылыми тұрғыдан негізделген. Автор кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін жетілдіру бағытында институционалдық және құқықтық тетіктерді дамытуға қатысты жана тәсілдер ұсынады. Сонымен қатар, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бағытталған ұсыныстар әзірлеп, оларды кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы азаматтық-құқықтық қатынастарды жетілдіру қажеттілігімен байланыстырады.

Аталған ұсыныстар кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімділігін арттыруға, құқықтық реттеудің оқалықтарын жоюға және азаматтық-құқықтық тетіктерді одан әрі жетілдіруге бағытталған, бұл олардың ғылыми және практикалық негізділігін айқындайды.

	<p>ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>материалдардың ауқымдылығымен, сондай-ақ ғылыми танымның заманауи әдістерін кешенді қолданумен қамтамасыз етілген. Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелер, қорытындылар мен тәжірибелік ұсыныстар жоғары деңгейдегі негізділігімен және логикалық бірізділігімен ерекшеленеді.</p> <p>Бұл зерттеу жүргізу барысында ғылыми-әдіснамалық талаптардың сақталуымен, жалпы ғылыми және арнайы құқықтық зерттеу әдістерінің жүйелі қолданылуымен, сондай-ақ кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы теория мен құқық қолдану тәжірибесіне елеулі үлес қосқан отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйенуімен расталады. Сонымен қатар, зерттеудің негізгі нәтижелері ғылыми жарияланымдарда апробациядан өткен.</p> <p>Диссертацияда тұжырымдалған барлық қорытындылар мен ғылыми тұжырымдар құқық қолдану тәжірибесінің материалдарын талдау негізінде алынған ғылыми тұрғыдан маңызды және дәйекті нәтижелерге сүйенеді әрі ғылыми объективтілік қағидаларын сақтай отырып, жүйелі және дәлелді түрде баяндалған.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p>	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p>	<p>Бірінші ережеде кәсіпкердің құқықтық мәртебесіне анықтамасы тұжырымдалып, оның негізгі элементтері – құқықсубъектілік, мүліктік дербестік, кәсіпкерлік тәуекел, құқықтар мен міндеттер, сондай-ақ азаматтық-құқықтық жауапкершілік өзара функционалдық байланыста қарастырылған. Бұл кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің мазмұнын жүйелі түрде айқындауға және құқық қолдану тәжірибесінде құқықтық анықтылығы қамтамасыз етуге бағытталған.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 ия</p>

	<p>2) <u>жок</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.4 кен</p> <p>7.5 ия</p> <p>Екінші ережеде кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің жасына қатысты құқықтық реттеуді нақтылау және құқық қолдану тәжірибесіндегі аркелжілікті жою мақсатында Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне он алты жасқа толған және толық әрекет қабілетті деп танылған тұлғалардың дара кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын тікелей бекітетін норманы енгізу ұсынылады. Бұл кәсіпкерлікке толмаған тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мүмкіндіктерін құқықтық тұрғыдан нақтылауға, құқықтық анықтылықты қамтамасыз етуге және кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтық мәртебесін біріздендіруге бағытталған.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жок</p> <p>7.3 ия</p> <p>7.4 кен</p> <p>7.5 ия</p> <p>Үшінші ережеде жүргізілген кешенді теориялық және нормативтік-құқықтық талдау негізінде кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың анықтамасы тұжырымдалған. Аталған тұжырымда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау азаматтық құқықтардың қол сұғылмаушылығын қамтамасыз етуге, бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және олардың салдарын жоюға бағытталған материалдық және процессуалдық құқықтық құралдардың өзара байланысты жүйесі ретінде қарастырылған. Бұл кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің мазмұны мен құрылымын жүйелі түрде айқындауға, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесінде құқықтық</p>
--	--	---

	<p>анықтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.</p> <ul style="list-style-type: none">7.1 дәлелденді7.2 жоқ7.3 ия7.4 кен7.5 ия <p>Төртінші ережеде кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы шетелдік тәжірибені талдау негізінде соттан тыс институционалдық тетіктердің тиімділігі негізделген. Осыған байланысты шағын кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрамында мамандандырылған Ұлттық бизнес уәкілі институтын құру ұсынылған. Ұсынылған институт мемлекеттік органдардың шағын бизнес субъектілеріне қатысты әрекеттеріне бақылау жүргізуге, олардың шағымдарын қарауға, құқықтық және консультациялық қолдау көрсетуге, сондай-ақ шағын бизнес пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл соттан тыс қорғау тетіктерінің тиімділігін арттыруға және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың институционалдық жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.</p> <ul style="list-style-type: none">7.1 дәлелденді7.2 жоқ7.3 ия7.4 кен7.5 ия <p>Бесінші ережеде кәсіпкерлік даулар бойынша соттылықты анықтау кезінде қолданылатын қолданыстағы процесстік реттеудің кемшіліктері құқық қолдану тәжірибесін талдау арқылы айқындалған. Азаматтық процесстік заңнамада формальді субъектілік өлшемге басымдық берілуі ұқсас</p>
--	---

		<p>экономикалық мазмұндағы даулардың әртүрлі соттардың қарауына жіберілуіне және сот тәжірибесінің арқелкі қалыптасуына алып келетіні негізделген. Осыған байланысты автор мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың соттылығын анықтау кезінде даудың экономикалық (кәсіпкерлік) мазмұнын ескеруге мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексінің 27-бабының 1-бөлігінің жаңа редакциясын ұсынады. Ұсынылған өзгерістер кәсіпкерлік дауларды қарау тәжірибесін біріздендіруге, құқықтық анықтылықты қамтамасыз етуге және сот қорғауының тиімділігін арттыруға бағытталған.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 ия</p> <p>7.4 кен</p> <p>7.5 ия</p> <p>Алтыншы ережеде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың институционалдық тетігін процесстік тұрғыдан жетілдіру қажеттілігі негізделген. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексінің 58-бабының 1-бөлімін Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппараты өкілдерін кәсіпкерлік субъектілерінің тапсырмасы бойынша сотта өкіл бола алатын тұлғалар қатарына енгізу арқылы толықтыру ұсынылған. Ұсынылған өзгеріс уәкіл институтының соттағы процессуалдық мәртебесін нақтылауға, оның кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жүйесіндегі рөлін күшейтуге және құқық қолдану тәжірибесінде құқықтық анықтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p>
--	--	--

		<p>7.3 ия 7.4 кен 7.5 ия</p> <p>Жетінші ережеде кәсіпкерлік дауларды қарау барысында құқық қолдану тәжірибесінің арқалықты және ұқсас істер бойынша артүрлі құқықтық ұстанымдардың қалыптасуы кәсіпкерлер үшін сот шешімдерінің нәтижесін алдын ала болжауды қиындататыны негізделген. Осыған байланысты кәсіпкерлік қызметтен туындайтын дауларды қарау бойынша біркелкі сот тәжірибесін қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Кәсіпкерлік дауларды шешу жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысын қабылдау ұсынылған. Ұсынылған шара құқық қолдану тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етуге, құқықтық анықтылықты күшейтуге және кәсіпкерлердің сот арқылы қорғалу тиімділігін арттыруға бағытталған.</p> <p>7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кен 7.5 ия</p>
<p>8. Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттын дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде алға қойылған мақсат пен міндеттерге жету үшін жалпы ғылыми, арнайы құқықтық және эмпирикалық әдістер кешені қолданылды, бұл әдіснаманы таңдаудың негізделгендігін көрсетеді. Таңдау және синтез, индукция және дедукция әдістері кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тегінің құрылымы мен мазмұнын, оның элементтері арасындағы өзара байланысты айқындауға мүмкіндік берді. Формальді-құқықтық және формальді-логикалық әдістер</p>

		<p>құқықтық нормалар мен ұғымдардың мазмұнын нақтылау және оларды түсіндіру барысында пайдаланылды. Салыстырмалы-құқықтық әдіс шетелдік тәжірибені зерттеу арқылы тиімді құқықтық шешімдерді анықтауға бағытталды. Жүйелік-құрылымдық әдіс аталған тегікті тұтас жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.</p> <p>Сонымен қатар, құқық қолдану практикасын талдау, статистикалық талдау және құқықтық модельдеу әдістері кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы сот тәжірибесін зерделеу, оның тиімділігін бағалау және заңнаманы жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу үшін қолданылды.</p> <p>Аталған әдістердің жиынтығы зерттеу пәнін кешенді талдауға және ғылыми негізделген қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.</p>
<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу гуманитарлық ғылымдарда қолданылатын заманауи әдіснамалық тәсілдерді пайдалану негізінде орындалған. Бұл ғылыми зерттеудің негізділігі құқық қолдану тәжірибесін, нормативтік құқықтық актілерді, отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді кешенді талдаумен, сондай-ақ зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми материалдарды жан-жақты зерделеумен расталады. Алынған нәтижелердің дәйектілігі мен әдіснамалық тұрғыдан негізділігі автор тұжырымдаған ғылыми қорытындылармен және зерттеу нәтижелері негізінде әзірленген тәжірибелік ұсыныстармен қосымша дәлелденеді.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен</p>	<p>Теориялық зерттеулерде тұжырымдалған барлық ғылыми ережелер құқық қолдану тәжірибесінің материалдарымен, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға байланысты сот тәжірибесін, сондай-ақ уәкілетті органдар мен</p>

	<p>дәлелденген және расталган (педагогикалык ғылымдар бойынша даярлау багыттары үшін нәтижелер педагогикалык эксперимент негизинде дәлелденді):</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок.</p>	<p>институционалдык құрылымдардын қызметін кешенді талдау нәтижелерімен расталган.</p>
	<p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталган</u> / ішінара расталган / расталмаган.</p>	<p>Манызды тұжырымдар өзекті әрі сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалган сілтемелермен расталган. Пайдаланылган әдебиеттер тізімінде диссертацияда сілтемелер берілген 220 дереккөз қамтылып, олардан алынган дәйексөздер, ғылыми пікірталас элементтері және сыни талдау нәтижелері жүйелі түрде көрініс тапкан.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылган әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылган әдебиеттер көлемі әдеби шолуды жүргізу үшін жеткілікті болып табылады. Әдеби шолуда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тегігіне қатысты мәселелер бойынша әртүрлі ғылыми көзқарастар ұсынылган, сондай-ақ зерттеу тақырыбына қатысты заманауи ғылыми жарияланымдар қарастырылган. Диссертацияда 220 дереккөз пайдаланылып, оларға тиісті ғылыми талдау жүргізілген.</p>
<p>9 Практикалык күндылык қағидаты</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялык маньзы:</p> <p>1) <u>бар</u>;</p> <p>2) жок.</p>	<p>Диссертация жоғары теориялык маньзға ие. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тегігінің ерекшеліктеріне ерекше назар аудару азаматтық құқық, кәсіпкерлік құқық және азаматтық процесік құқық ғылымдарының дамуына елеулі үлес қосады. Зерттеуде кәсіпкердің құқықтық мәртебесі, кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың ұғымы, мазмұны мен құрылымы ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, аталган саладағы теориялык көзқарастарды дамытуға бағытталган жаңа</p>

	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ.</p>	<p>тұжырымдар ұсынылған.</p> <p>Диссертациялық зерттеу айқын тәжірибелік бағыттылығымен ерекшеленеді, бұл оның нәтижелерін құқық қолдану тәжірибесіне енгізу мүмкіндігінің жоғары екенін көрсетеді. Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми қорытындылар мен ұсыныстар қолданыстағы азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық процестік заңнамадағы олқылықтар мен қайшылықтарды жою мақсатында құқық шығармашылық және құқық қолдану қызметінде пайдаланылуы мүмкін. Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы оның өзектілігімен және ғылыми жаңалығымен айқындалады. Алынған нәтижелер мен ғылыми тұжырымдар Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау саласындағы құқықтық реттеудің қазіргі жай-күйін объективті бағалауға, құқық қолдану тәжірибесіндегі проблемаларды айқындауға және оларды шешуге бағытталған нақты тәжірибелік ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана ма?</p> <p>1) <u>толығымен жана</u>; 2) ішінара жана (25-75% жана); 3) жана емес (жанаасы 25%-дан кем).</p>	<p>Тұжырымдалған тәжірибелік бағыттағы ұсыныстар толығымен жана сипатқа ие, өйткені олар қолданыстағы құқық қолдану тәжірибесін қайталамай, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық және институционалды тетіктерін жетілдіруге бағытталған жана құқықтық тәсілдер мен механизмдерді ұсынады. Атап айтқанда, кәсіпкерлік даулардың соттылығын нақтылау, бизнес-омбудсмен институтының қызметін жетілдіру, соттан тыс қорғау нысандарының тиімділігін арттыру және кәсіпкерлік даулар бойынша біркелкі сот тәжірибесін қалыптастыруға қатысты ұсыныстар тәжірибелік маңызға ие. Зерттеу нәтижелері «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы» және «Кәсіпкерлік құқық» пәндерін оқыту</p>

		<p>Барысында оқу үдерісінде, сондай-ақ оқу-әдістемелік кешендер мен ғылыми-тәжірибелік материалдарды әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.</p>
<p>10. Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары деп бағаланады. Автор зерттеу барысында қалыптастырылған ғылыми тұжырымдарды нақты әрі дәйекті түрде баяндап, өз ұстанымдарын ғылыми негізде дәлелдей алған. Диссертация материалы ғылыми стиль талаптарына сәйкес жүйелі, мазмұнды және дәлелді түрде ұсынылған. Жұмыста фактілік материалдармен қатар, терең талдамалық пайымдаулар мен зерттеу нәтижелерін ғылыми тұрғыдан қорыту элементтері кенінен көрініс тапқан. Сонымен қатар, диссертацияда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасау мен дәйексөз келтіру академиялық талаптарға сәйкес дұрыс пайдаланылған.</p>
<p>11. Диссертацияға ескертулер</p>	<p>Диссертация мазмұны бойынша оның қорытынды бағасына әсер ететін елеулі ескертулер анықталған жоқ.</p> <p>Сонымен қатар, келесідей ұсынымдық сипаттағы жекелеген мәселелерді атап өтуге болады:</p> <p>1. Автор кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың институционалдык тетіктерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрамында Ұлттық бизнес уәкілі институтын құру қажеттігін негізді түрде көрсетеді. Дегенмен, аталған институттың құқықтық мәртебесін, өкілеттіктерінің шегін және қолданыстағы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы тетіктерін нақтылау мәселелері қосымша тереңірек талдауды қажет етеді.</p> <p>2. Диссертациялық зерттеуде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігінің теориялық және тәжірибелік мәселелеріне, қолданыстағы заңнаманың оқалылықтары мен құқық қолдану тәжірибесіндегі қайшылықтарға басым назар аударылған. Сонымен қатар, кәсіпкерлік қызметті цифрландыру жағдайында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың электрондық нысандары мен цифрлық құқықтық құралдарын дамыту перспективалары жеткілікті деңгейде ашылмаған. Осыған байланысты зерттеуді цифрлық платформалар, электрондық сот ісін жүргізу және онлайн дауларды шешу тетіктерін құқықтық реттеу мәселелерімен толықтыру орынды болар еді.</p> <p>Аталған ескертулер ұсынымдық сипатқа ие және диссертациялық зерттеудің жалпы оң бағасына әсер етпейді.</p>	

12.	<p>Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми денгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр макаласының ғылыми денгейін зерделейді)</p>	<p>Докторанттың диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми еңбектері теориялық тұрғыдан терең зерделенуімен, әдіснамалық негізділігімен және алынған нәтижелердің тәжірибелік бағыттылығымен ерекшеленеді. Ұсынылған ғылыми жарияланымдар Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігін зерттеуге жүйелі әрі кешенді көзқарасты көрсетеді, қолданыстағы азаматтық, кәсіпкерлік және азаматтық процесстік заңнаманы, құқық қолдану тәжірибесінің ерекшеліктерін, сондай-ақ қазіргі ғылыми тұжырымдамалар мен доктриналық көзқарастарды терең менгергенін дәлелдейді.</p>
13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ережесінің 28-тармағына сәйкес)</p>	<p>Асетова Гулнур Бакытовнаның «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тетігі: теориялық және тәжірибелік мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі тұжырымдамалық тұтастығымен, теориялық талдаудың тереңдігімен және тәжірибелік маныздылығымен ерекшеленеді, философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, ал автор «БД030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.</p>

Ресми рецензент:

Философия докторы (PhD),

Каспий қоғамдық университетінің

«Әділет» Жоғары құқық мектебінің

қауымдастырылған профессоры (Алматы қ., Қазақстан)



ноғише
завершено



Толтырылған Д. Әсетованың Д.А.